




САЯСАТ

ҚАЗАҚСТАНДА ЖАҢА ПАРТИЯ ҚҰРУҒА – «ИӘ»!

ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты қазақстандықтарды жаңа саяси партия құру қажеттігі туралы қазақстандықтардың жауаптарымен таныстырады.


Қазіргі уақытта Қазақстанда жеті саяси партия тіркелген: «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы, Қазақстанның Халық партиясы (бұрынғы ҚКХП), «Nur Otan» партиясы (қазіргі «Аманат» партиясы), Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы (ЖСДП), «Ақ жол» демократиялық партиясы, «Адал» партиясы (бұрынғы «Бірлік»), Жаңа партия.

2022 жылғы ақпанда ҚСЗИ жүргізілген аймақтық әлеуметтанулық мониторинг нәтижелеріне сәйкес, саяси партиялар барлық саяси институттар арасында респонденттер тарапынан аз сенім дегейіне ие болып отыр.



1-сурет. «Сіз сенесіз бе ...?» деген сұраққа респонденттердің оң жауаптарының («иә» және «дәлірегі иә») сомасын бөлу


2-суреттен көріп отырғанымыздай, осы жылдың ақпан айында саяси партияларға сенбейтін сауалнамаға қатысушылардың үлесі оларға сенетіндерден басым болды. 2021 жылғы маусым мен қарашадағы ұқсас әлеуметтанулық сауалнамалардың нәтижелері кері беталысты көрсетеді – ол кезде барлық сұралғандардың жартысынан астамы саяси партияларға сенім білдірген.



Толық сенеді және дәлірегі сенеді  
Толық сенбейді және дәлірегі сенбейді

2-сурет. Сіз саяси партияларға сенесіз бе, жоқ па?

3-суреттегі жауаптардың бөлінісінен көрініп тұрғандай, қоғамда жаңа саяси партияларға сұраныс қалыптасты. **Респонденттердің 48,4%-ы елдің саяси және экономикалық дамуының мүлдем басқа жолын ұсынатын жаңа саяси партияны қолдауға дайын.**



3-сурет. «Егер жақын арада елдің саяси және экономикалық дамуының мүлдем басқа жолын ұсынатын жаңа саяси партия пайда болса, Сіз оны қолдауға дайынсыз ба, жоқ па?»

Зерттеу әдістемесі:

Сауалнама алу әдісі – респонденттің тұрғылықты жері бойынша маршруттық квоталық іріктеме бойынша сұхбат.  
Іріктеме – 14 облыстың және 3 республикалық маңызы бар қаланың және ауылдық жерлердің 188 елді мекеніндегі 18 жастағы және одан жоғары жастағы 6800 респондент.  
Статистикалық қателік 1,2%-дан аспайды.  
Өткізілу мерзімі – 2022 ж. ақпан (2021 ж. маусым, қараша).